"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 18 қазандағы N 306-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 18 қазандағы N 306 өкімімен бекітілген

**"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі**

| Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Нормативтік құқықтық кесімнің түрі | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауапты мемлекеттік орган |
|---|---|---|---|
| Өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін стандарттардың, | Қазақстан Республикасы | 2004 жылғы IV тоқсан | ҚР ТЖМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| нормалар мен ережелердің жобаларын, сондай-ақ объект салуға осы нормалар мен ережелері жоқ объектілерді салуға арналған жобалық шешімдерді келісу ережесін бекіту туралы | Үкіметінің қаулысы | | |
| Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындау кезеңінде жарақат алуы кезінде және ол құрбан болған (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға берілетін бір жолғы өтемақыны төлеу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы IV тоқсан | ҚР ТЖМ |
| Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленетін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы IV тоқсан | ҚР ТЖМ |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК